

«Бақжан» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
кезектен тыс педагогикалық кеңестің
Хаттамасы №2

09.04.2024 жыл

Шымкент қаласы

Комиссия төрайымы: Туримбетова Г.К

Хатшы: Әділханова Қ.

Қатысушылар: Бөбекжай-бақшаның барлық педагог қызметкерлері. Барлығы: 6 педагог

Өткізу нысаны: кеңес

Күн тәртібінде:

1. 2025 жылы мемлекеттік аттестациялаудан өту. «Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2025 жылға арналған Шымкент қаласының мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бетіту туралы» 2023 жылғы 09 қарашадағы №741 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2024 жылғы №95 бұйрығын негізге ала отырып бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу.
2. Өзін-өзі бағалау жүргізу бойынша комиссия құрамын бекіту.

Тыңдалды:

1. Бүгінгі күннің кезектен тыс кеңесінде мекеме менгерушісі сөз бастап, биылғы жылы «Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2024 жылға арналған Шымкент қаласының мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2023 жылғы 09 қарашадағы №741 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2024 ж. №95 бұйрығына сәйкес мекемеміз аттестаттаудан өтетінін айтты. Мекемеміздің өзін-өзі бағалау жүргізу және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - Әдістемелік ұсынымдар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» ережелері және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленгенін, әдістемелік ұсынымдар мекемелердің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мен өткізу кезіндегі бірінғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етуге арналғанын, сондай-ақ мекемеде өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін атап өтті:

- 1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.
- 2) Тәрбиелеу және оқыту
- 3) Білікті педагогтардың болуы.
- 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.
- 5) Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз еті.
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

2. Екінші тақырып бойынша меңгеруші мекемеде «Өзін-өзі бағалау» жүргізу бойынша комиссия құрамын анықтау керектігін айтты. Мекемеде аттестаттау жұмыстарын жүргізу үшін өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрамы құрылып, бекітілуін ұсынды.

Комиссия төрайымы:

1. Туримбетова Г.К.-меңгеруші

Комиссия мүшелері:

2. Туримбетова Г.К. – әдіскер, хатшы;
3. Шәмшиева М.-шаруашылық меңгерушісі;
4. Бекмурзаева Т.-бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.

Педагогтармен комиссия құрамы таныстырылып, комиссия құрамының жұмыс жоспары нақтыланды. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілетіні тапсырылды және 2025 жылдың 02.05.-31.05.2025ж - мамыр айы аралығында бөбекжай-бақшаның ресми интернет –сайтына салынатынын айтты.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығын негізге ала отырып 03-31-наурыз айы аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. Комиссия құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақытынан кешіктірілмей бөбекжай-бақшаның ресми интернет-ресурсына орналастырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Туримбетова Г.К.

Хатшы:

Әділханова Қ.